

## «ҚАЗСУШАРДЫҢ» ТҮРКІСТАН ФИЛИАЛЫНЫҢ ЕКІ ӨНДІРІСТІК УЧАСКЕСІНІҢ БАСШЫЛАРЫ ЖҰМЫСТАН УАҚЫТША ШЕТТЕТІЛДІ

Түркістан облысында «Қазсушардың» жергілікті филиалының Шардара және Мақтаарал өндірістік учаскелерінің басшылары жұмыстан уақытша шеттетілді. Бұған дейін олар қатаң сөгіс алған болатын.

Оған аудандарда анықталған бұзушылықтар себеп болды. Атап айтқанда, Түркістан облысында күріш егу жоспары 3,3 еседен асып кеткен. Суармалы су тапшылығы қаупіне және 4000 га шегіне қарамастан, «Қазсушардың» жергілікті филиалы диқандармен 13 258 га күріш алқаптарын суаруға 1 047 келісімшарт жасасқан.

Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовтің өңірге жұмыс сапары жалғасып жатыр. Су ведомствосының басшысы Шардара ауданындағы су шаруашылығы жағдайымен танысты.

Бүгінгі таңда Қызылқұм каналы күріш, жүгері, мақта, көкөністер, жоңышқа, жүзім, бау-бақша дақылдары өсірілетін 28 366,1 га жерге су жеткізді. Вегетация кезеңі басталғалы бері канал арқылы су беруге 2 978 келісімшартқа қол қойылды.

«Министрліктің жұмыс топтары тәулік бойы кезекшілік жүргізіп, өңір каналдарындағы су деңгейін бақылауда ұстап отыр. Су беру кезекпен жүргізіліп, шаруалармен түнгі суаруға көшу және егіс айналымы бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Десе де судың «көлеңкелі нарығын» жою мәселесі өзекті болып қала береді. Шардара су қоймасының маңында 24 заңсыз сорғы қондырғысы анықталды. Бұған дейін біз заңсыз су алумен тиімді күресу үшін облыстың құқық қорғау органдарымен күш біріктірдік», - деді Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

Сондай-ақ министр Шардара топтық су құбыры құрылысының барысымен танысты. Жобаны 2026 жылы аяқтау жоспарланып отыр. Нысанның ұзындығы - 39,28 км. Жоба аясында I және II көтергіш сорғы станцияларын салу, сондай-ақ сегіз ұңғыманы бұрғылау жоспарда бар. Қуаттылығы тәулігіне 12 мың текше метр су құбыры Шардара қаласының және жақын маңдағы 22 елді мекеннің тұрғындарын «Шардара-Байыркүм» жерасты көзінен сумен қамтамасыз етеді.

«Айғақ»-ақпарат.



RESPUBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙҒАҚ

Gazet Qazaqstan Jýrnalistika Akademiasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalister odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy sylyqtarynyń, "Altyn júrek" sylyǵynyń iegeri



№31 /sársenbi/ 30 şilde 2025 jyl

## ПРОФИЛАКТИКА: «ТҮНГІ ҚАЛАДАҒЫ БАЛАЛАР»

Қазіргі таңда қоғамда жасөспірімдердің тәрбиесі мен қауіпсіздігі – күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселелердің бірі. Көп жағдайда, ата-аналар тарапынан бақылаудың әлсіреуі, түнгі уақытта көмелетке толмаған балалардың көшеде, ойын-сауық мекемелерінде жүруі түрлі құқық бұзушылыққа, қылмысқа немесе қайғылы жағдайларға себеп болып жатады. Осыған байланысты еліміздің барлық өңірлерінде Ішкі істер министрлігінің тапсырмасымен дәстүрлі түрде өткізілетін «Түнгі қаладағы балалар» жедел-профилактикалық іс-шарасы жүзеге асырылып келеді. Аталған шара – тек рейд ұйымдастыру емес, бұл – құқық бұзушылықтың алдын алу, балалардың қауіпсіз ортасын қалыптастыруға бағытталған жан-жақты жұмыс. Іс-шараның басты мақсаты – түнгі уақытта балалардың қараусыз жүруін шектеу арқылы құқық бұзушылықтың, түрлі заңсыз әрекеттердің алдын алу. Қазіргі қоғамда жастар арасындағы қылмыстың, тәртіп бұзушылықтың бір бөлігі дәл осындай бақылаусыздықтың салдарынан туындайды. Сондықтан бұл шара балалардың өмі-

рін, денсаулығын, болашағын қорғауға бағытталған. Полиция қызметкерлері түнгі сағаттарда арнайы топ болып, қала көшелерін, ойын-сауық нысандарын, интернет клубтар мен дәмханаларды аралап, жасөспірімдердің тәртібін бақылауға алады. Көмелетке толмаған балалар анықталған жағдайда олардың ата-анасына ескерту жасалып, заңнама талаптары түсіндіріледі. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, көмелетке толмаған жасөспірімдердің түнгі 22:00-ден кейін заңды өкілсіз қоғамдық орындарда жүруіне тыйым салынады. Алайда заң бұзылған орын мен мән-жайға байланысты қолданылатын шара да әртүрлі болады. Егер жасөспірім ойын-сауық мекемесінде, яғни ойынханада немесе интернет клубта анықталса, ата-анасына бірден 3 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. Бұл – бала алғаш рет ұсталған күннің өзінде де қолданылатын шара. Себебі ойын-сауық орындары – көмелетке толмағандарға арналған жатады. Ал егер бала түнгі уақытта көшеде жүргені анықталса, заң бойынша бірінші рет ескерту беріледі. Бірақ егер бұл жағ-

дай қайталанса – ата-анасына айыппұл салынып, әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Ойын-сауық мекемесіне көмелетке толмағанды кіргізген кәсіпкерге де 15 АЕК көлемінде айыппұл қарастырылған. Бұл талаптар тек ата-аналарға ғана емес, кәсіп иелеріне де жауапкершілік жүктейді. Мұндай шаралардың маңыздылығын тек жазалау шаралары тұрғысынан қарау қателік болар еді. Ең алдымен, бұл – алдын алу жұмысы. Полиция өкілдері мен жергілікті әкімдіктердің мамандары рейд барысында ата-аналармен, балалармен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Балаларға заң талаптары мен өз қауіпсіздіктері жайлы ақпарат беріледі. Жасөспірімдердің бос уақытының дұрыс ұйымдастырылмауы, түнгі уақытта бақылаусыз қалуы – олардың құқық бұзушылық жасауына немесе түрлі келеңсіз жағдайларға тап болуына әкеледі. Сондықтан бұл рейдтер – болашақта орын алуы мүмкін қылмыстың, қайғылы оқиғаның алдын алудың бір жолы.

Балалардың тәрбиесі мен қауіпсіздігіне тек құқық қорғау органдары ғана емес, тұтас қоғам жауапты. Бұл жерде ата-ананың рөлі айрықша. Әрбір ата-

ана өз баласының қайда, кіммен жүргенін, не істеп жүргенін білуге міндетті. Бақылаусыз қалған бала – әлеуметтен тыс, дұрыс бағдарсыз өсетін тұлғаға айналуы мүмкін. Мектеп, балабақша, қосымша білім беру ұйымдары мен жастар ұйымдары да жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізуіне ықпал етуі тиіс. Секциялық үйірмелер, спорт, өнер және мәдени шаралар арқылы балалардың бос уақыты пайдалы әрі қауіпсіз арнаға бұрылады. Кейбір ата-аналар бұл шараларды артық көруі мүмкін. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, мұндай рейдтер көптеген заң бұзушылықтың алдын алуға сеп болған. Жыл сайын он мыңдаған бала мен ата-анаға ескерту жасалады, ондаған мекеме айыппұл төлейді. Бұл көрсеткіштің өзі істің өзектілігін дәлелдеп отыр. Елімізде құқық бұзушылықтың алдын алу тек жазалау арқылы емес, тәрбие және түсіндіру жұмыстары арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Осы тұрғыда «Түнгі қаладағы балалар» шарасы – нәтижесі бар, өмірге нақты ықпал ететін жоба. Бала – ел болашағы. Олардың қауіпсіз ортада өсуі, дұрыс қалыптасуы, жауапкершілікті сезінуі ата-ана мен қоғамның бірлескен еңбегіне байланысты. «Түнгі қаладағы балалар» іс-шарасы тек рейд емес, бұл болашағымызды қорғауға бағытталған маңызды қадам. Уақытысында айтылған бір ауыз ескерту – болашақта орын алуы мүмкін қайғылы оқиғаның алдын алуы мүмкін. Балаларыңыздың қайда, кіммен жүргенін бақылаңыздар. Олардың түнгі уақытта үйде болуын қамтамасыз етіңіздер. Өйткені бір ғана жауапсыз сәт орны толмас өкінішке айналуы мүмкін. Балаларыңызға қамқор болыңыздар! Олар сіздің де, елдің де ертеңі!

Әлия ҚҰРАЛБЕК.



4-бетте

**КОМАНДИРЛЕР МЕН  
САРБАЗДАР  
ТАКТИКАЛЫҚ  
ШЕБЕРЛІКТЕРІН ШЫҢДАУДА**

6-бетте

**«АСТАНА-ПАВЛОДАР»  
БАҒЫТЫ БОЙЫНША  
ПОЙЫЗЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫС  
КЕСТЕСІ ЖАҢАРТЫЛДЫ**

6-бетте

**ОТЫРАРДА ЖЕКЕ  
ИНВЕТОРДЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН  
КІТАПХАНАСЫ БАР  
ВИЗИТ-ОРТАЛЫҚ САЛЫНАДЫ**

## ЦИФРЛЫҚ ӘСКЕРИ-ДӘРИГЕРЛІК КОМИССИЯ ҚҰРУ ЖОСПАРДА БАР

Қазақстанда әскерге шақырылушыларды медициналық тексеру процесі цифрландырылды. Жоба Астана әскери комитетінде сынақтан өтті. Қазір онлайн-медициналық қаралу елордада, Алматыда, Қарағанды облысында, Шымкентте қолжетімді. Бұл туралы ОКҚ алаңында өткен баспасөз мәслихатында ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары Дархан Ахмедиев мәлімдеді.

Оның мәліметіне сәйкес, 2024 жылы 15 мыңға жуық, ал 2025 жылы 5,5 мың адамның медициналық деректері цифрланған.

Спикер Қорғаныс министрлігінің ауруханалары мен лазареттері медициналық ақпараттық жүйелер арқылы медициналық тұрғыдан қамтамасыз етілетінін айтты. Жылына әскери-медициналық мекемелерде орта есеппен 10 мыңнан астам әскери қызметшіге цифрлық форматта қызмет көрсетіледі.

Болашақта Қорғаныс министрлігі әскери қызметшілердің қызметке жарамдылығын анықтайтын әскери-дәрігерлік сараптамадан өту процесін жеделдетуге және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауға көмектесетін цифрлық әскери-дәрігерлік комиссия құруды жоспарлап отыр. Қазір Астана қаласында функционалды тестілеу жүргізілуде.

Бұдан бөлек, денсаулық сақтау саласына телемедицина технологияларын енгізу жоспарда бар, бұл жергілікті орындарда тиісті медициналық мамандар болмаған кезде әскери қызметшілердің диагнозын анықтау үшін ЖИ пайдалануға мүмкіндік береді.

«Бүгінгі таңда Министрлік әскери медицина мамандарына телемедицина курстарынан өткізетін мамандар жіберді. Курстар аяқталғаннан кейін Ақмола облысының Денсаулық сақтау министрлігі мекемесінде тестілеуден өтіп жатқан ЖИ терапевті апробациялау жоспарланған», – деп нақтылады спикер.

## БОЛАШАҚ – ӘСКЕР ҚАТАРЫНАН БАСТАЛАДЫ



2024 жылдың көктемінде Шымкент қаласынан мерзімді әскери қызметке шақырылған 86 жас жігіт мемлекеттік білім беру грантын жеңіп алып, еліміздің жоғары оқу орындарына оқуға түсу мүмкіндігіне ие болды. Бұл – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Ғылым және жоғары білім министрлігі бірлесіп жүзеге асырып жатқан, әскери қызмет кезінде тәртіп пен үлгілі мінез-құлық танытқан сарбаздарды қолдауға бағытталған маңызды бастамалардың бірі.

Осы бағдарламаның жарқын үлгісі – запасқа шыққан қатардағы жауынгер Жанболат Еспен. Ол әскерге дейін Шымкент қаласындағы жергілікті әскери басқару органдарының бірінде инспектор қызметін атқарған. Жас жігіт мерзімді әскери борышын абыроймен өтеп, оң мінездеме алған соң, Ұлттық біріншілік тестілеусіз-ақ мемлекеттік грант арқылы жоғары білім алуға болатынын естіп, бұл мүмкіндікті жіберіп алмауды мақсат етіп қойды.

Қарағанды гарнизонындағы әскери бөлімдердің бірінде қызмет еткен Жанболат әскери жарғы талаптарын мүлтіксіз орындап, жауынгерлік және мемлекеттік-құқықтық дайындық бағдарламаларын жоғары деңгейде меңгерді. Қызмет барысында бірнеше

мәрте Астана қаласына іссапармен барып, бөлім басшылығы тарапынан жауапкершілігі мен тәртіптілігі үшін жоғары баға алды.

Он екі айлық әскери қызметін абыроймен аяқтап, «Көктем – 2024» шақырылымының үздік сарбаздарының бірі ретінде танылған Жанболат мемлекеттік грант иегері атанды. Бұл сүйінші жаңалықты ол ең бірінші анасы Гүлжаухар Сәрсембаеваға хабарлап, анасының ұлына деген мақтанышы мен ақ батасын алды.

Бүгінде Жанболат туған қаласы Шымкентке оралып, «МИРАС» университетіне құжаттарын тапсырып, білім жолын жалғастыруға дайындалып жүр. Сонымен қатар, ол Шымкент қаласының Абай, Өл-Фараби және Тұран аудандары бойынша біріктірілген Қорғаныс істері жөніндегі басқармасына арнайы барып, өз тәжірибесімен бөлісіп, болашақ сарбаздарға бағытбағдар көрсетті.

Аталған басқарма бастығының орынбасары, майор Ердәулет Темірбаев Жанболаттың жетістігіне жоғары баға беріп:

– Жанболаттың жолы – әскердің тек ерлік мектебі ғана емес, сонымен қатар жарқын болашаққа апарар сенімді баспалдақ екенін дәлелдейді. Оның табысы – Шымкент жастары үшін үлкен шабыт, – деп атап өтті.

Бетті жинақтап, дайындаған: А.ӘДІЛХАНҚЫЗЫ.

Шымкент қаласындағы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына қарасты алтыншы механикаландырылған құраманың жауынгерлері «Дарбаза» оқу-жаттығу полигонында кезекті жауынгерлік дайындық кезеңін бастады. Бұл жолы взвод және бөлімше командирлерінің қатысуымен нұсқау-әдістемелік сабақтар өткізілуде.

Теориядан – тәжірибеге дейін. Жаттығу аясында полигон аумағында теориялық және практикалық кезеңдерді қамтитын оқу орындары ұйымдастырылды. Сабақтар барысында командирлер мен сержанттар бөлімшелердің ұрыс кезіндегі іс-қимылдарын ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін меңгерді. Әскери қызметшілер «бөлімшенің шабуыл мен қорғаныстағы әрекеттері», «қарсыласты оқшаулау» және «елді мекендегі ұрыс» тақырыптары бойынша практикалық тапсырмаларды орындады.

– Бұл сабақтардың негізгі мақсаты – командирлер мен жеке құрамды штаттық қару-жарақты қолдана отырып, ұрысты тиімді жүргізуге баулу. Отты шебер басқару мен бұйрықтарды нақты жеткізе білу – тапсырмаларды табысты орындаудың негізгі кепілі, – дейді екінші мотоатқыштар батальонының командирі майор

## КОМАНДИРЛЕР МЕН САРБАЗДАР ТАКТИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТЕРІН ШЫҢДАУДА



Азамат Қуатов.

Тактикалық үйлесімділік – ұжым жетістігінің негізі

Күннің екінші жартысында екінші мотоатқыштар батальонының жеке құрамы шартты түрде заңсыз қарулы құрылымдардың шабуылын тойтару бойынша жаттығу жүргізді. Жауынгерлік атыстар бөлімшенің барлық штаттық қару түрлерін қолдану арқылы жүзеге асырылды.

– Бөлімшелердің жауынгерлік үйлесімділігін арттыру мақсатында бұл сабақтар үлкен маңызға ие. Жеке құрам белгіленген тапсырмаларды жоғары дайындық деңгейінде

орындады, – деді бесінші мотоатқыштар ротасының командирі аға лейтенант Бегжан Ибрагим.

Алдағы уақытта «Дарбаза» полигонында барлығы 54 бөлімшенің жауынгерлік атыстары етеді деп жоспарлануда. Олардың 27-сі түнгі уақытта жүргізілмек. Сонымен қатар, 36 атыс екіжақты форматта ұйымдастырылмақ. Бұл – бөлімшелердің өзара әрекет ету қабілетін арттырып, шынайы ұрыс жағдайына барынша жақын ортада командирлердің тактикалық шешім қабылдау дағдыларын дамытуға септігін тигізеді.

## ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ ФРАНЦИЯДА ӨТКЕН ІРНО-2025 ФИЗИКА ОЛИМПИАДАСЫНДА БЕС МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ

Қазақстан құрамасы әлемдік деңгейдегі зияткерлік сайыстарда жоғары нәтижелер көрсетуді жалғастыруда. Францияның Палезо қаласында өткен Физикадан халықаралық олимпиадада (International Physics Olympiad, IPhO-2025) ұлттық құрама бес медаль жеңіп алды, деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігі.

Биылғы олимпиадаға 90 елден 400-ден астам дарынды оқушы қатысты. Қазақстан бұл жолы да үздіктер қатарынан көрініп, екі күміс және үш қола медаль иеленді.

Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы Ә.Азатбеков,

Алматы қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы Б.Елубай күміс медаль иеленді. Астана қаласындағы «Spectrum» халықаралық мектебінің 12-сынып оқушысы Ә.Пшенбаев, Астана қаласындағы NURORDA мектеп-лицейінің 10-сынып оқушысы Н.Егенбергенова, Астана қаласындағы «Spectrum» халықаралық мектебінің 12-сынып оқушысы А.Ким қола жүлдеге қол жеткізді.

Команданың ғылыми жетекшілері – PhD докторы, С.Демирель университетінің ассистент-профессоры С.Мақсұтов және халықаралық олимпиадалардың жүлдегері А.Еркебаев.

## СУ САЛАСЫ МАМАНДЫҚТАРЫНА БӨЛІНЕТІН ГРАНТ САНЫ ҰЛҒАЙДЫ

Бір жыл бұрын су саласының мамандықтарына 618 грант бөлінген болатын. Сондай-ақ жаңа оқу жылынан бастап Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті алғаш рет «Гидромелиорация» мамандығы бойынша студенттерді қабылдауды жоспарлап отыр», – деді Л.Жүсіпова.

Сонымен қатар 2023 жылғы 24 қарашадағы Су ресурстары және ирригация министрінің №9 бұйрығымен «Су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру және ирригация» саласындағы кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес құрылды. Салалық кеңестің құрамына мүдделі министрліктер (Ғылым және жоғары білім, Оқу-ағарту, Еңбек және халықты қорғау министрліктерінің), жоғары және арнайы орта оқу орындары, ғылыми-зерттеу орталықтарының өкілдері мен мол тәжірибесі бар мамандар кірді.

2023 жылғы 4 шілдедегі №14-VIII «Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-тармағына сәйкес салалық мемлекеттік органдар салалық біліктілік шеңберлерінің негізінде барлығы 1052 грант бөлінді.

леуді және (немесе) жаңартуды жүзеге асырады. Осы Заңның 4-тармағына сәйкес оқу орындары оқыту бағдарламаларында (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің, қайта даярлау мен біліктілікті арттыру және т.с.с. оқу орындары) тиісті кәсіптік стандарттардың талаптарын ескеруге тиіс.

2024 жылы Министрлік салалық кеңес мүшелерімен бірлесе отырып, 2 салалық «Гидротехникалық мелиорация» және «Бөгеттер мен бөгендерді салу» кәсіптік стандарттарын өзектендірді. Бұл кәсіптік стандарттар жоғары оқу орындары мен колледждер үшін білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қолданылады.

Бұдан бөлек, 2025 жылы 2 кәсіптік стандартты өзектендіру мен 9 жаңа кәсіптік стандарт әзірлеу жоспарланып отыр. Жалпы, су шаруашылығы саласын кадрлық қамтамасыз етуді жетілдіру мақсатында 2027 жылға дейін 11 кәсіптік стандарт өзектендіру мен 9 жаңа кәсіптік стандарт әзірлеу жұмыстары жоспарланған.

## ТЕМІРЖОЛ АРҚЫЛЫ ТАСЫМАЛДАУ – ЭСКЕРИ ЭЗІРЛІКТИҢ МАҢЫЗДЫ БУЫНЫ

Шымкент гарнизонында әскери бөлімдердің жеке құрамына арналған теміржол көлігі арқылы әскери техника мен жүктерді тасымалдау бойынша кешенді көрсетілімдік сабақтар өтті. Іс-шараны ұйымдастырған – Шымкент қаласындағы әскери қатынастар комендатурасы.

Сабақтың негізгі мақсаты – әскери қызметшілерге әскерді қайта орналастыру кезінде техниканы дұрыс тиеу, орналастыру, тасымалдау және сақтау ережелерін үйрету. Бұл дайындық әскери бөлімшелердің жедел қимылдау қабілетін арттырып, төтенше жағдайларда тиімді әрекет етуге жол ашады.

Сабақтың практикалық бөлімі үш оқу нүктесінде өтті. Жеке құрам әскери техниканы теміржол платформаларына тиеу мен түсіру, оны бекіту және бүркемелеу тәсілдерін меңгерді. Әскери комендант подполковник Асхат Асқарұлының жетекшілігімен күзетке тағайындалатын қарауылдың міндеттері, төтенше жағдайларда әрекет ету алгоритмі және жүктерді тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптары кеңінен түсіндірілді.

Сонымен қатар, комендатура офицерлері қатысушыларға жол жүру құжаттарын ресімдеу тәртібін және теміржол станцияларындағы аялдау ережелерін таныстырды. Іс жүзінде техниканы қауіпсіз тиеу, оны дұрыс бекіту мен жасыру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Сабақ барысында заманауи жаңалықтардың бірі ретінде көшпелі қарауыл ұяшықтарының жаңартылған үлгілері көрсетілді. Енді олар күн панельдерімен жабдықталған, бұл электр қуатын үздіксіз қамтамасыз етуге мүмкіндік береді – ал бұл дала жағдайында аса маңызды.

– Сабақтың нәтижесінде әскери қызметшілер нақты тәжірибе жинап, өздерін қызықтырған барлық сұрақтарға жауап алды. Қойылған міндеттер толық көлемде орындалды, – деді подполковник Асхат Асқарұлы.

Мұндай практикалық дайындықтар әскери бөлімшелердің жауынгерлік дайындығын жетілдіріп, техниканы тасымалдау барысындағы қауіпсіздік пен ұйымдастырушылық мәселелерді сапалы шешуге мүмкіндік береді.



2025 жылдың шілде айында Қазақстан аумағында «Жер-2025» атты ірі ауқымды республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығу басталды. Бұл іс-шара Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министрі, генерал-

департаменттері белсенді қатысуда. Бұған қоса, Денсаулық сақтау және Қорғаныс министрліктерінің құрылымдары, Апаттар медицинасы орталығының мамандары жұмылдырылып, барлығы 269 қызметкер мен 90 бірлік арнайы техника тартылды.

Оқу-жаттығу барысында жер сілкінісі салдарынан болған апат жағдайын жою, зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету, эвакуация шараларын ұйымдастыру, инженерлік іздегіру және құтқару операциялары сынды түрлі

## ҚОҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІНІ ТІРЕГІ: ПОЛИЦЕЙЛЕР ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗДІ



Шымкент қаласында құқық қорғау органдарының бастамасымен терроризмнің алдын алу және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында кешенді түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Бұл шараға Шымкент қалалық Полиция департаментінің Экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасы мұрындық болды. Оған Ақпараттық байланыс басқармасы, Күзет қызметін бақылау бөлімі, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті және қала әкімінің аппараты жанындағы терроризмге қарсы күрес жөніндегі комиссияның

өкілдері қатысты.

Іс-шара аясында террористік тұрғыдан осал объектілер қатарына жататын қаладағы денсаулық сақтау мекемелерінің басшыларымен арнайы жиын өткізілді. Жиын барысында медициналық мекемелердің қауіпсіздігін арттыру, оларды заманауи инженерлік-техникалық құралдармен жабдықтау, төтенше жағдайларда әрекет ету алгоритмін нақтылау мәселелері қаралды.

Полицейлер тарапынан мекеме басшыларына бейнебақылау жүйелерін Шымкент қалалық Полиция департаментінің Жедел басқару ор-

талығымен интеграциялау қажеттілігі туралы толық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Бұл – төтенше жағдайлар кезінде оқиға орнына дереу ден қою және қылмыстың алдын алу үшін аса маңызды шара.

Аталған іс-шара полиция қызметкерлерінің ел тыныштығын сақтаудағы кәсіби және әлеуметтік рөлін айқын көрсетеді. Бүгінгі таңда құқық қорғау саласының қызметкерлері тек тәртіп сақшысы ғана емес, сонымен қатар ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерлерге қарсы тұра алатын білікті мамандар ретінде танылып отыр. Олардың біліктілігі, жанкешті еңбегі мен жауапкершілігі қоғам тарапынан жоғары бағалануы тиіс.

Мемлекет тарапынан полициялардың мәртебесін арттыруға, олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған нақты шаралар қабылдануда. Бұл өз кезегінде полиция қатарындағы тәртіп пен жауапкершілікті арттырып қана қоймай, халық пен құқық қорғау органдары арасындағы сенімді нығайтуға да жол ашады.

Қоғам қауіпсіздігін сақтау – тек полицейлердің емес, барша азаматтардың ортақ міндеті. Дегенмен бұл бағытта алдыңғы шепте тұрған тәртіп сақшыларының үлесі мен еңбегі өлшеусіз. Осындай іс-шаралар полицейлердің қызметіне деген құрметті арттырып, олардың мәртебесін айшықтай түсетіні сөзсіз.

## «ЖЕР-2025» ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫ: ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРМЕН КҮРЕСУГЕ ДАЙЫНДЫҚТЫ ШЫҒАУ

майор Рамиль Камаловтың тікелей басшылығымен ұйымдастырылуда. Оқу-жаттығудың басты мақсаты – табиғи және техногендік зілзалалар кезінде әрекет ету жүйесін жетілдіру, төтенше жағдайлар кезінде жедел қызметтердің үйлесімді әрекетін қамтамасыз ету және олардың кәсіби дайындық деңгейін арттыру.

Оқу-жаттығу екі күнге жоспарланған және бірнеше кезеңнен тұрады. Оның бірінші кезеңі таңғы сағат 08:00-де басталып, азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің барлық құрылымдары жоғары дайындық жағдайына келтірілді. Төтенше жағдайлар министрлігінің бөлімшелері, жедел қызметтер мен жергілікті атқарушы органдар үйлесімді жұмыс істеу тетіктерін тәжірибе жүзінде пысықтауда. Сонымен қатар, зардап шеккен тұрғындарды уақытша орналастыру үшін шатырлы қалашықтар құрылып, қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етілді.

«Жер-2025» оқу-жаттығуына үш ірі әскери бөлім – №52859, 28237 және 68303, сондай-ақ Түркістан, Жамбыл және Қызылорда облыстарының Төтенше жағдайлар

сценарийлер қарастырылып отыр. Бұл шара азаматтық қорғау саласындағы ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға, мамандардың шұғыл әрекет ету шеберлігін арттыруға және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Оқу-жаттығу жиынының екінші кезеңінде жаттығу бағдарламасына сай Шымкентте магнитудасы 7,9 балды құрайтын жер сілкінісі болып, соның салдарынан қала аумағында ірі көлемді төтенше жағдай орын алды.

Құтқару жұмыстарына еліміздің барлық өңірлерінен шамамен 25 мың адам және 5 мың арнайы техника жұмылдырылды.

Ауыр техника «КеденТранс-Сервис» теміржол тармағынан «Қазақстан Темір Жолы» АҚ мамандарының көмегімен түсірілді.

Құтқару топтарының қауіпсіз қозғалысын Полиция департаментінің күштері қамтамасыз етті.

Мұндай ауқымды жаттығулар еліміздегі төтенше жағдайлармен күрес жүйесінің тұрақты дамуына серпін беріп, мемлекет пен қоғам арасындағы үйлесімді байланыстың негізін нығайта түседі.

## ПӘТЕР ТОНАУМЕН АЙНАЛЫСҚАН ҚЫЛМЫСТЫҚ ТОП ҰСТАЛДЫ

Шымкент қаласында 20 миллион теңгенің бағалы алтын бұйымдарын жымқырған пәтер ұрылары ұсталды, – деп хабарлайды Polisia.kz.

Жедел-іздегіру шаралары барысында пәтер тонаумен айналысқан бес ер адам анықталып, құрықталды. Тергеу барысында олардың бір ай ішінде қала аумағындағы онға жуық тұрғын үйге заңсыз кіріп, негізінен алтын бұйымдарды ұрлағаны белгілі болды. Күдіктілер көбіне үйлерге терезе арқылы кіріп отырған.

Келтірілген материалдық шығынның жалпы сомасы шамамен 20 миллион теңгені құрайды. Қазіргі таңда полиция қызметкерлері ұрланған зергерлік бұйымдардың бір бөлігін несіне қайтарып берді.

Күдіктілер уақытша ұстау



изоляцияға қамалып, қылмыстың толық мән-жайын және олардың басқа да ұқсас қылмыстарға қатысуы бар-жоғын анықтауға бағытталған тергеу амалдары жалғасуда.

Полиция тұрғындарға пәтер ұрлығының алдын алу үшін қауіпсіздік шараларын күшейтіп, бейнебақылау жүйелерін орнатуға, есік-терезелерді мұқият жауып жүруге кеңес береді.

## «ҚАРУ» ІС-ШАРАСЫ АЯСЫНДА БЕС МЫНАН АСТАМ ҚАРУ ИЕСІ ТЕКСЕРІЛДІ

Шымкент қаласында құқық қорғау органдарының бастамасымен азаматтық қару айналымын бақылауға алу және атыс қаруын қолдана отырып жасалатын қылмыстардың алдын алу мақсатында «Қару» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілді. Шара шілде айының 1–10 аралығында өтті және оның аясында полиция қызметкерлері бірқатар кешенді жұмыстарды жүзеге асырды.

Бұл іс-шараның басты мақсаты – заңсыз айналымдағы қару-жарақ пен оқ-дәрілерді тәркілеу, қару иелерінің оны сақтау және алып жүру талаптарын тексеру, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздікті нығайту. Қоғам тыныштығын сақтауда алдыңғы шепте жүрген полицейлер тұрғын үйлерде, аңшылық алқаптар мен шалғайдағы шаруа қожалықтарында рейдтік тексерулер жүргізіп, қару иелерінің тұрғылықты жерлерін аралады.

Аталған шара барысында полиция қызметкерлері 5276 азаматтық қару иесін тексеріп, 128 өкімшілік құқық бұзушылықты анықтады. Атап айтқанда, қаруды сақтау, алып жүру және тасымалдау тәртібін бұзғаны үшін 3 азамат, тіркеу тәртібін бұзғаны үшін 20 азамат жауапкерші-

лікке тартылды. Сонымен қатар, 9 бірлік заңсыз суық қару тәркіленіп, оларға қатысты тергеу амалдары жүргізілуде.

Полиция қызметкерлерінің айтуынша, азаматтардың заңсыз сақталған қаруды, оқ-дәрілерді және жарылғыш заттарды өз еркімен тапсыруы – тек қана өздерін жауапкершіліктен босатып қана қоймай, қоғам қауіпсіздігіне қосқан үлесі болып табылады. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сөйкес, егер қару иесінің әрекетінде басқа да қылмыстық белгілер болмаса, олар қылмыстық және өкімшілік жауапкершіліктен босатылады.

Мұндай жедел-профилактикалық шаралар полиция қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін, қоғам алдындағы жоғары жауапкершілігін көрсетеді. Қоғамдағы тұрақтылық пен қауіпсіздік – тәртіп сақшыларының тынымсыз еңбегінің нәтижесі. Сондықтан олардың мәртебесі мен беделін арттыру – қоғамның ортақ міндеті.

Қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыстың алдын алу және азаматтардың тыныштығын қорғау ісінде полицейлердің орны ерекше. «Қару» іс-шарасы осының айқын дәлелі.

Түркістан облысында аудан, қала әкімдіктері мен басқармаларының рейтингтік жүйесі өзірленген. Өрбір мекемеге индикаторлар бекітіліп, әр тоқсан сайын нәтижесі шығарылып, тұрақты талқыланады. Осы жұмыстар нәтижесінде биылғы 6 айда облыс экономикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының оң динамикасы сақталды. Қысқа мерзімді экономикалық өсім 118%-ды құрап, өңір республикада бірінші орынға шықты.

Облыс әкімдігінде өңір басшысы Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен 2025 жылдың I жартыжылдығының қорытындысы бойынша облыстық алқа мәжілісі өтті. Маңызды жиынға аудан, қала әкімдері, басқарма басшылары қатысты. Мәжілісте облысты дамыту, индикаторларды орындау мәселелері талқыланды. Рейтинг соңындағы аудан, қала әкімдері мен басқарма басшыларының есептері тыңдалып, тиісті сын-ескертпелер айтылды. Облыс әкімі жауапты басшыларға жұмысты ширатуды тапсырды.

– Облысты дамыту бағытында рейтинг жүйесі енгізілді. Әр тоқсан сайын алқа мәжілісін өткізіп, көрсеткіштерді талқылайтынымызды айтқан болатынмын. Сол арқылы аудан, қала әкімдері мен басқарма басшылары өз жұмыстарын, жоспарларын біледі. Бүгін алғашқы алқа мәжілісін өткізіп отырмыз. Жартыжылдықтағы көрсеткіштер сараланып, жоспарлар жасалады. Баяндамаларыңызда тапсырмаларды орындау жөнінде уәде бермей, оны қалай орындайтындағыңыз туралы айтыңыздар. Жал-



пылама сөз емес, нақты жоспар, нақты іс қажет. Баршаңызға белгілі, облысымызда 2024-2030 жылдарға экономикалық өсуді қамтамасыз ету бойынша Жол картасы бекітілген болатын. Әсіресе, инвестициялық жобалардың уақтылы әрі сапалы орындалуына басымдық беріңіздер. Өндіріс орындарын ашу бойынша жұмыстар жүргізілсін. Бекітілген Жол картамасы орындалмаған жағдайда жауапкершіліктеріңіз қаралатынын ескертемін. Үшінші тоқсан қорытындысымен бекітілген индикаторларды

толық орындауды тапсырамын, – деді Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров.

Мәжілісте Түркістан облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Қанат Қайыпбек Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы, аудан, қала әкімдіктерінің және басқармалардың қызметі тиімділігінің рейтингтік бағалауы бойынша баяндама жасады. Оның айтуынша, барлық салалар бойынша межеге қол жеткізілген. Аудан қала әкімдері

мен басқармалардың қызметінің тиімділігін бағалайтын 9 блоктан тұратын 89 индикатордың биылғы 6 айға жоспарланғаны – 85. Оның ішінде 79 индикатор аудан, қала әкімдерінің қызметіне тиесілі болса, 6 индикатор облыс деңгейінде есептеледі. Жартыжылдық қорытындысымен қалыптасқан рейтингті I тоқсандағы көрсеткішпен салыстыратын болсақ, Қазығұрт, Сайрам және Шардара аудандары рейтингте өздерінің индикаторларын жақсартып, оң нәтиже көрсеткен. Басқармалардың да көрсеткіштері сараланды. Төмен нәтиже көрсеткен аудан, қала әкімдері мен басқарма басшыларының есептері тыңдалды. Оларға жұмысты жандандыру жөнінде тапсырма берілді.

Айта кетейік, 6 ай қорытындысы бойынша облыстың өнеркәсіп өнім көлемі 723,3 млрд. теңгені құрап, 13,5%-ға артты. Өсім негізінен өңдеу және тау-кен өнеркәсібі есебінен болды. Облыс экономикасының негізгі саласы – ауыл шаруашылығында өнім көлемі 253,9 млрд. теңгені құрап, өсім 104,7% деңгейінде қалыптасты. Өндірілген өнім бойынша Түркістан облысы республикада көш бастап тұр. Құрылыс жұмыстарының көлемі 230,3 млрд. теңгені құрап, 25,1%-ға артты. Жыл басынан 438,5 мың шаршы метр тұрғын үйлер пайдалануға тапсырылып, өсім 118,2% деңгейінде қалыптасты. Облысты дамыту бағытындағы жұмыстар жалғасады.

## «МАНСАП КОМПАСЫ»

### ПЛАТФОРМАСЫНДА СҰРАНЫСҚА ИЕ 744 МАМАНДЫҚ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ ЖАРИЯЛАНДЫ



ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Асқар Биахметов ОКҚ алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында халықты жұмыспен қамту саласында жүзеге асырылып жатқан цифрлық жобалар туралы айтты. Оның хабарлауынша, бұл жұмыстар 2018 жылы басталып кетті. Нәтижесінде бірнеше платформа өзірленді.

Мәселен, 2024 жылы күзде мектеп оқушыларына болашақ мамандығын таңдауға мүмкіндік беретін «Мансап компасы» платформасы енгізілді. Платформа қазірдің өзінде 744 сұранысқа ие мамандықтар, орташа жалақы, еңбек етушілердің саны туралы ақпаратты ұсынады.

Бұл ретте, Жұмысшы мамандықтары жылы аясында платформада жалпы білім беретін мектептердің 7-11 сынып оқушыларының кәсіби диагностикасының жаңа функциясы жүзеге асырылды. 7-11 сынып оқушыларының

«Мансап компасы» платформасында кәсіптік бағдар беру жұмыстарымен қамту 2025 жылдың қыркүйегінде басталып, кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болады. 8 мыңға жуық мектептен 100 мың оқушыны қамту жоспарда бар.

2024 жылдан бастап Электрондық еңбек биржасында ТЖКБ және ЖОО студенттері үшін өндірістік тәжірибеден өту орнын таңдауға мүмкіндік беретін функционал енгізілді. Студенттер нақты дағдыларды игеріп қана қоймай, кейіннен тәжірибеден өткен кәсіпорында жұмыс таба алады.

«Білім беру саласындағы уәкілетті органдардың ақпараттық жүйесінен барлығы 104 мыңға студенттің деректері алынды. Олардың арасында 15 мың студент Электрондық еңбек биржасында өз резюмелерін жариялады. Оның ішінде 4 мыңға жуығы практикадан өтетін орындарын растады. Жалпы, Электрондық еңбек биржасында 5 мыңға жуық студент үшін «практикадан өту үшін» деген белгісі бар 27 мыңға жуық вакансия жарияланды», – деп түйіндеді вице-министр.

Бетті дайындаған: Әлия ҚҰРАЛБЕК

## ШЫМКЕНТ ЖАСТАРЫНА АРНАЛҒАН МАУСЫМДЫҚ ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ АШЫЛДЫ

Шымкент қаласы, 2025 жылғы шілде – Шымкент қаласының жастары үшін жазғы мезгілде уақытты тиімді пайдалануға және қаланың көркеюіне үлес қосуға мүмкіндік беретін маусымдық жұмыс орындары ашылды. Бұл бастама «Жасыл ел» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып отыр.

Жоба шеңберінде қоғамдық жұмыстар, көгалдандыру, абаттандыру және

қала аумағын таза әрі жайлы ету бағытындағы түрлі жұмыстар ұйымдастырылады. Қатысушыларға еңбекақы төленеді, сондай-ақ жастар еңбек тәжірибесін жинақтап, жаңа ортада байланыс орнатуға мүмкіндік алады.

Маусымдық жұмыс орындары жаз айларына жоспарланған. Нақты басталу мерзімі туралы қосымша хабарланып болады. Жұмыстар Шымкент қаласының төрт

ауданында жүргізіледі.

Жобаның мақсаты – жастардың өзірленген аудандық жастар ресурстық орталықтарына немесе Шымкент қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасына хабарласа алады.

Байланыс нөмірі: 8 700 800 11 01

Бұл бастама жастарды еңбекке баулып қана қоймай, қаланың дамуына азаматтық үлес қосуға бағытталған.

## 30 ЖЫЛДЫҚ АЯСЫНДАҒЫ ЖОСПАРЛАНҒАН ШАРАЛАР

2025 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл толуына орай Шымкент қаласында ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылуда. Осыған байланысты бүгін Шымкент қаласы әкімінің аппарат басшысы Ержан Сейтеновтің төрағалығымен өткен жиында мерекелік іс-шаралар жоспары жан-жақты талқыланды.

«Ата Заң – Тәуелсіздік тірегі» ұлттық жоспары аясында өзірленген өңірлік бағдарлама құқықтық сауаттылықты арттыруға, мәдени іс-шаралар мен жастар бастамаларын қолдауға, сондай-ақ белсенді ақпараттық сүйемелдеуге бағытталған.

Мерекелік бағдарлама 1 тамызда Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы медиация кеңесінің Ашық есік күнімен басталады. 6–29 тамыз аралығында құқық қорғау органдарының өкілдерімен, жастармен, білім беру ұйымдары және мәдениет мекемелерінің қызметкерлерімен кездесулер, форумдар, дөңгелек үстелдер мен спорттық іс-шаралар өткізу жоспарланып отыр. Қалалық кітапханаларда танымдық сағаттар мен кітап көрмелері

ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, отбасы қолдау және дағдарыс орталықтарында тұрғындарға тегін заңгерлік және психологиялық көмек көрсетіледі. Қала тұрғындары арасында тазалық мәдениетін қалыптастыру мақсатында «TazaLike» және «Менің таза аулам» атты акциялар өтеді.

Мерекеге орай зиялы қауым, қоғам және мәдениет қайраткерлерінің құттықтау чөлденждері әлеуметтік желілер мен телеарналар арқылы ұсынылады.

Конституция күніне арналған басты мерекелік іс-шара Шымкенттегі «Қызғалдақ» сарайында өтеді. Сонымен қатар, қаланың бес ауданында мерекелік концерттер ұйымдастырылады. Бұл бастамалар азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға, отбасылық құндылықтарды нығайтуға және жастар арасында патриоттық рухты дамытуға бағытталған.

Жиын қорытындысында жауапты құрылымдарға жоспарланған іс-шараларды сапалы әрі жоғары деңгейде жүзеге асыру жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

Дана халқымыз қыз баланың қадір-қасиетін ерекше бағалап, жарық жұлдыздарға, ай мен күнге балап, Айшолпан, Алтынай, Айғаным, Күнсулу, Жұлдызай, Айкүн сынды есімдер берген. Қыздың сұлулығын еселеп тұратын қою кара шашын ұзын етіп өсіріп, шашбау таққан. «Таудың көркі-тас» қыздың көркі - шаш, «Жақсы қыздың бұрымында мін болмас» деген аталы сөздер қыз бала үшін ұзын бұрымның қаншалықты маңызды екенін ұғындырады. Уақыт жылжыды, ғасырлар озды, жаңа дәуірмен бірге жаңа сән де жаппай жаулап алды. Енді бұрынғыдай бұлаңдаған ұзын бұрым сәннен де, мәненнен де ажырап шашты жайып жіберіп жүру кең етек алды. Бұл сән қаншалықты дұрыс, қаншалықты бұрыс? Осы сұрақ төңірегінде сөз тарқатпақпыз.

Білектей арқасында өрген бұрым, Шолпысы сылдыр қағып, жүрсе ақырын.

Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты, Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін!? -деп Абай данамыз жырлаған бейне сұлулықтың нағыз қазақи бейнесі екені анық. «Ол өткен ғасырдың таным-түсінігі. Ал біз ХХІ ғасырда өмір сүріп жатырмыз» деушілер де табылары анық.

### ШАШТЫ ЖАЮ НЕНІҢ БЕЛГІСІ БОЛҒАН?

Ең алдымен бұрынғы дәстүр-салтымызға үніліп көрейік. Қазақ халқында шаш жаю болды. Бірақ мұндай жағдай қаралы қаза кезінде орын алған. Көбіне жарынан айырылған әйелдер шашын жайып жіберіп, дауыс шығарып жылап, жоқтау айтқан. Шашты жаю салтымыз бойынша ең алдымен үлкен қазаның, қапияда болған қайғының белгісі саналған. Шашты жайып жүрген қыз баласын жамандық шақырма деп тиып тастайтын болған.

Жайылған шаш күш-қуатты босқа кетіру саналған. Шашын мыстан-сиқыршылар мен жеңіл жүрісті әйелдер ғана жайған. Сиқыршымыстандар шашын жаю арқылы өз энергиясына күш алатын болған.

Әлемдік түсінік бойынша қыздың, әйелдің шашын жаюы жыныстық қатынасқа ашық шақыру дегенді білдірген. Ал қазақи түсінікте кез келген әйел баласы шашын тек күйеуінің алдында ғана жайып, тараған. Бұрымды тарқату, жігіттің алдында шашын жаю, бір тал шашын саусағына орау сияқты қимылдар өзіне қаратудың, арбаудың өте мықты амал-тәсілі саналған. Өлі күнге дейін қыздар бір жігітті ұнатса, оның көңілін өзіне аудару үшін бұрымын тарқатып жатып, соның есімін қайталап жатады.

### ШАШТЫҢ ҚҰНЫ

Халқымыздың қылмыс пен жаза туралы дала заңында өпербақан, есерсоқ біреу алда-жалда әйел адамның ұзын шашын кесетін болса, бір дене мүшесінен айырды деп санап, қатаң жазаға тартылып, үлкен көлемде төлем төлеген, Ал әйел адам тарапынан аяғын шалыс басып, қылмыс жасаса, оған қолданылатын ең ауыр жаза шашын кесу болған. Бұл екі жаза да өлім жазасына парапар, ел бетіне қарай алмайтындай ең ауыр, масқара болған.



## ШАШТА АҚПАРАТ КӨП

### ШАШТЫҢ ҚАСИЕТИ

Ал одан бөлек қылт еткенді қалт жібермейтін халық танымында шаш киелі деп саналған. Шашқа аса мән беріп, өте сақ болған. Шашты тарап болғаннан соң түскен шашты, ұшын түзеп қиғыннан соң кесілген шаштың бір талын қалдырмай жинап алған. Кішкене күнімізде «шашыңды жинап алмасаң, торғай ұясына салып алады, ал сенің үнемі басың ауыратын болады» деген бала танымна ыңғайланған ескертуді еститінбіз. Осының өзі-ақ шашты өріп жүруге, тарап болған соң мұқият болуға үйрететін. Шаш арқылы «қара магияның» ықпалында қалу да оп-оңай. Бүгінгі дамыған ғылым шашта оның иесі туралы барлық ақпарат сақталатынын дәлелдеп отыр. Тірі организмдердегі генетикалық ақпараттың ұрпақтан-ұрпаққа берілуін, сақталуын қамтамасыз ететін (ДНК) коды да шашта сақталады.

Қылмыстық істерді ашу бөлімінде оқиға орнында табылған шаш арқылы ол адамның кім екенін оп-оңай анықтайды. Тіпті адамның наша шегетіні, ащы суға әуегі де шаш талдауы арқылы білуге болады. Жер бетіндегі бір де бір адамның алақан бедері бір-бірі не ұқсамайтыны сияқты шаштың құрылымы да солай қайталанбайды.

Адамның сыртқа емес ішке қарай өскен шашы өзінің тегін, кім екенін ұмытатын, тек «иә» немесе «жоқ» деп жауап қата алатын мәңгүртке айналдыратыны тағы бар. Оған Ш.Айтматовтың «Найман-ана» атты шығармасын алуға болады.

Сиқыр мен тылсым күшке етене жақын сыған халқы бір тал шашты қолға түсірсе, сол адамды өз ырқына бағындырып түгін қалдырмай тонап кете берген.

Халқымыздың ежелгі ертегі-аңыздарында хан қызының, әйелінің, қарындасының бір тал шашы суға ағып кеткені, тал шашын ұрлап кеткені сияқты оқиғалар кездеседі. Перілер мен жын-дардың бір тал шашын күйдіргенде олар дереу пайда бола кетіп, кейіпкердің тілегін орындайтын сәттер де көптеп кездеседі. Мұның бәрі шаштың ерекше күшке ие қасиетіне көз жеткізген танымнан туған көркем дүниелер.

Сол себепті де ата-бабаларымыз қыздарға шашты өріп жүруді, жалаң-бас жүрмеуді кішкентай күнінен құлағына құйып отырған. Тақия, бөрік, желек, кимешек, орамал тарту тазалық пен қатар жаман энергиялардан сақтанудың

жолы болған.

Хақ дініміз исламдағы әйел адамға қойылатын талап та шашты өсіру, өру, жалаңбас жүрмеу болып табылады. Қазақ салтына үйлеспейтін басынан-аяғына дейін қара жамылғы жауып, бет-ауызды тұмшалап алу бөлек әңгіме.

«Баяғыда Пайғамбарымыз өзінің Пайғамбар болатынын білмей тұрған кезінде соңынан үнемі ақ елес сияқты нәрсе еріп жүреді екен. Ол мұның не екенін білмей дал болады. Содан әйеліне келіп жағдайды айтқанда, әйелі: «Сен сол тағы келсе мені шақыра ғой, сол кезде мен шашымды жайып жіберемін, егер ол қашып кетсе - періште, қашпаса - шайтан», - деген екен. Содан ертесінде дәл солай істеген кезде, өлгі ақ елес қашып кетіпті дейді.

«Шашын жайған адамның жанына періште жоламайды» деген сөз осыдан қалған деседі.

### ШАШ КЕСУГЕ БОЛМАЙТЫН КЕЗДЕР

Әйел адам аяғы ауыр екенін білген сәттен бастап шаш қидыру туралы ойламаған жөн. Жүкті әйелдің шашында өзінің және баласының күш-қуаты жинақталады. Сондай-ақ, өміріңізді өзгертетін маңызды жобалар мен жоспарларды бастағанда істі аяғына жеткізгенше шашты қимаған дұрыс. Тек кейбір аурулар кезінде шаш кесуге тура келген. Шашта сақталған жаман энергиядан арылмайынша, жақсылық болмайды деген нанымда ауыр қайғыдан соң жаңа өмір бастау үшін шашты кесіп, қайта өсіретін болған.

### ШАШ- ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛ

Шаш адамның көркіне көрік қосып қана қоймай, денсаулығына да аса зор ықпал ететіні дәлелденіп отыр. Әсіресе әйел адамның шашы қаншалықты ұзын болса, ол соншалық мейіран, нәзік, адал, бауырмал болатынын бірқатар зерттеушілер ғылыми түрде дәлелдеп берген. Оның адамгершілігі мол, мейірім мен нәзіктігі басым боп тұрған.

Шаш - әйел адам үшін қуат көзі. Ұзын шашын тарқатып, тарап, бұрымдап өру амалдарын күн сайын қайталайтын әйелдің сымбаты да ажарлы, мінезі де сабырлы күйге түседі. Әйел баласына берілген бұл айырықша қуат пен сұлулықты әжелеріміз жаулық пен кимешектің астында жасырын ұстаған. Әр тал шашқа жармаса кеткісі келетін жамандық пен азғындықтан өзін де, отбасын да қорғаудың тамаша амалы болған.

Қазір әлемдік «Ю-туб» желісін көрсеніз өз шашын өзі кесе салатын видеолардың мың-миллионнын кездестіруге болады.

Қазақ тұрмысында ер адам да, әйел адам да өз шашын өзі кеспеген. Бұл жаман ырымға баланған. Әйел адам ерінен бастап отбасындағы мүшелердің барлығының шашына өзі қараған. Оқырмандарымыз мұны да біле жүрген жөн.

**Кесілген шашты, не түскен шашты, тарақта қалғанын жерге көміп жіберген дұрыс. Сонда қуат, күш далаға кетпейді.**

Шаштың сыртқы саулығы - әйел қуатының деңгейінің, ішкі мүшелерінің саулығының, зат алмасу қалыптығының, гормоналды тепе-теңдіктің ашық айнасы. Шаш сиреу, шаш түсу отбасында жақын адамдармен кикілжің бар екенінен хабар береді.

### ҚАЗІРГІ СӘН

Жаппай шашты қырқу сәні сырғып өтіп, қазір жаппай шашты жайып жүру орын алды. Көбінесе қоғамдық көліктерде ұзын шаштарын жайып алған қыздарға да, олардың шаштарына да жаным ашиды. Өзі бір жақта, шашының ұшы бір жақта қалып безектеп жататын көріністерге әркім куә болған шығар. Иыққа дейінгі шашты бос жіберуге болатын да шығар. Бірақ белге жететін, тіпті одан да ұзын шашты жайып тастау заманауи нормаларға да сай емес. Жалбыраған шашқа бір екі сағат уақыт өтпей шаң-тозаң, көліктерден тарайтын улы газдар қонады да, майласып, тарамданып шыға келеді. Бір нәрсеге ұмтыла бергенде кедергі болатын жайылған шашты кезек-кезек екі жаққа сілкіп, басты қайқандатып отырудың өзі өте ерсі көрінеді.

Сондай-ақ, жігіттеріміз тарапынан шаш өсіру белең алып кеткен. Оны буып, түйіп қоятындырағы тағы бар. Қанша сән дегенмен, халықтың танымында, салтында жоқ нәрсенің барлығы ұлттың өзіндік қасиетінен айылуын алып келеді.

«Тәрбие тал бесіктен басталатын» әрдайым есте ұстап, ұлтымызды сақтайтын, ерекшелігін құндылықтарды ұрпағымыздың санасына кішкентайынан құя білгеніміз абзал.

### ШАШ КҮТІМІ

Шашты 2-3 күнде бір рет жуып тұрған дұрыс. Экология, қолайсыз ауа-райы, кептіргіш фен құралдарын жиі қолдану, бояу шашты жұқартып, уыстап түсуіне алып келеді. Бұдан бөлек түсті де қашып, ұшталып кетеді. Тәжірибесі мол, тұрақты шаштарыңыз болса ондай маманнан айырылып қалмаңыз.

### ШАШ СӘНІ

Жас қыз-келіншектерге айтылатын кеңес-шаш өсіру. Жұмыс бабымен орамал таға алмайтын жағдайда түрлі шаш өрімдерімен, шаш туюларды үйреніп алғаныңыз абзал. Буылған, өсірілген, түйілген шаш әйелдің тек отбасына ғана арналатын энергиясын тастүйін жинап тұрады. Базар, дүкен аралағанда, көпшілік орындарда сырт көздің алдауына, арбауына ұшырап қалмас үшін бас киім киіп жүрген абзал.

Шаш, оның қасиеті мен қуаты туралы бабалар танымнан бастау алып, біршама қажетті дүниелерді ұсына білдік деп ойлаймыз. Осындай жан-жақты жинақталған, дәлелденген мағлұматтардан кейін шашын үнемі жайып жүретін жандарға ой тастап, қозғау сала алсақ, біздің мақсатымыз орындалды деп санаймыз.

«Жас-Ай» журналы, 2018 ж.



## ШЫМКЕНТ ТҰРҒЫНДАРЫНА ЦИФРЛЫҚ ЗАҢ ҚЫЗМЕТІ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛА ТҮСТІ

Шымкент қаласында заңгерлік қызметтің жаңа дәуірі басталды. Қала тұрғындары бүгінде құқықтық көмекке бұрынғыдан да оңай әрі тиімді жолмен қол жеткізіп отыр. Әділет департаментінің бастамасымен енгізілген бірқатар цифрлық шешімдер азаматтардың құқықтық сауатын арттырып, заңдық дауларды жылдам шешуге ықпал етуде.

Мәселен, «Е-заң көмегі» мобильді қосымшасы мен чат-боттар арқылы халық тәулігіне 24 сағат бойы кеңес алып жүр. Бұл сервистер «E-gov» платформасында және «adilet.zan.kz» сайтында қолжетімді. Жыл басынан бері 5 мыңнан астам адам осы мүмкіндікті пайдаланып үлгерген.

Нотариат саласында да тың серпін байқалады. Шымкенттегі 328 нотариус жарты жылдың ішінде 390 мыңнан астам қызмет көрсетсе, соның 15 мыңнан астамы онлайн форматта жүзеге асырылған. Бұрын жиі сынға ұшыраған атқару жазбалары да қазір автоматты түрде борышкерге SMS арқылы жеткізіліп, азаматтар қарсылығын онлайн түрде жолдай алады. Бұл қағазбастылықты қысқартып, уақытты үнемдейді.

Электронды апостиль жүйесі де кеңінен қолданылуда. АХАТ, нотариус және мемлекеттік органдар құжаттарына апостиль қою енді «Egov» арқылы оңай рәсімделеді. Бұл жаңашылдық, әсіресе, шетелге құжат жіберетіндер үшін маңызды жеңілдік.

Айта кетерлік тағы бір жаңалық – «географиялық нұсқама» ұғымының енгізілуі. Шымкент кәсіпкерлері бұл мүмкіндікті тиімді пайдаланып, «Сайрам Нан», «Тассай ет», «Шымкент макарон» сынды брендтерді заңмен қорғауға алды. Бұл олардың өнімін нарықта танымал етіп қана қоймай, мемлекеттік қолдауға жол ашады.

Бұдан бөлек, зияткерлік меншік құқығын қорғау бағытында жүргізілген тексерулер нәтижесінде жалған өнімдерге қатысты 14 іс қозғалып, 1,6 миллион теңгеден астам айыппұл салынды. Заңсыз айналымнан 30 мыңнан аса контрафактілік тауар тәркіленген.

Қорыта айтқанда, Әділет департаментінің бастамалары құқықтық қызметтерді цифрлық кеңістікке көшіру арқылы шымкенттіктердің құқықтық қолжетімділігін арттырып, құқықтық мәдениетті жаңа деңгейге көтеріп отыр.

## ОТЫРАДА ЖЕКЕ ИНВЕТОРДЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН КІТАПХАНАСЫ БАР ВИЗИТ-ОРТАЛЫҚ САЛЫНАДЫ

Бұл туралы Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабабасовтың PANA ASIA ЖШС құрылтайшыларының бірі Нұржан Ниязалиев және компанияның бас директоры Сәуле Жаңабаевамен өткізген жұмыс кездесуінде белгілі болды. Аталған компания туристік инфрақұрылымды дамытуға белсенді түрде инвестиция салып келеді. Алдағы уақытта Қазақстанда бірнеше визит-орталық салу жоспарланып отыр, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.

Министрлік ішкі туризмді дамыту бағытында отандық кәсіпкерлерді кеңінен тарту бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Соның нәтижесінде Түркістан облысындағы көне Отырар қаласында визит-орталық салу жобасы қолға алынбақ.

Инвесторлардың айтуынша, жоба тұжырымдамасы әзірленген кезде Отырардың тарихи мұрасына, әсіресе орта ғасырларда әлемдегі ең ірі кітапханалардың бірі саналған әйгілі Отырар кітапханасына ерекше назар аударылған. Жаңа визит-орталық тек туристік нысан ғана емес, аңызға айналған кітапхананы қайта жаңғырту идеясының символына айналмақ.

Жобаны жүзеге асыру 2027 жылға жоспарланған.

Бұдан бөлек, кәсіпкерлер Шығыс Қазақстан облысының Катонқарағай ауданын-

да, Жамбыл облысындағы Көксу шатқалында визит-орталықтар салуды, сондай-ақ Түркістан облысындағы Сайрам-Өгем ұлттық паркі мен Маңғыстау облысындағы Бозжырада орналасатын визит-орталықтардың құрылысын аяқтауды көздеп отыр.

Ербол Мырзабабасов жеке инвестицияны саланың тұрақты дамуының маңызды факторы ретінде атап өтті. Министрдің айтуынша, визит-орталықтар туристерге қолайлы жағдай жасап, қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді. Сондай-ақ саяхатшылардың еліміздегі сапардан алған әсерін арттырады. Бұдан бөлек, бұл жобалар жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етеді.

«Аталған жобалар аясында 1800 жұмыс орнын ашып, олардың санын 3000-ға дейін арттыруды жоспарлап отырмыз. Қазақстанда қоғам үшін пайдалы іспен айналысу қажеттігін көрсетіп, өзге инвесторларды ынталандырымыз келеді. Біз тек инфрақұрылым салып қана қоймай, мәдени бірегейлікті қалыптастырып, ұлттық құндылықтарды насихаттауға да күш саламыз», – деді Нұржан Ниязалиев.

Кездесу барысында тараптар туристік нысандарды салу кезінде экологияны сақтау мен орнықты туризм қағидаттарын ұстануға ерекше мән берілетінін атап өтті.

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН E-GOV ЦИФРЛЫҚ ПОРТАЛЫНЫ АНАЛОГЫ ӘЗІРЛЕНДІ



Қазақстанның Қорғаныс министрлігі әскери қызметшілердің жағдайын жақсарту үшін цифрлық технологияларды белсенді енгізуде. Көзделген мақсат – eGov.kz порталына ұқсас электрондық сервистердің заманауи, ыңғайлы және ашық жүйесін құру. Платформада өскери қызметшінің бірыңғай жеке кабинеті құрылды. Мұнда қызмет, жеңілдіктер, іссапарлар мен демалыстар туралы барлық ақпарат қолжетімді. Бұл туралы ОКҚ алаңында өткен баспасөз мәслихатында ҚР қорғаныс министрінің орынбасары Дархан Ахмедиев мәлімдеді. Сондай ақ спикер «Jauun-

ger.gov.kz» қызметі туралы айтты. Платформаның көмегімен келісімшарттық қызметке қабылдау едәуір жеңілдейді.

«Қорғаныс министрлігі мен Қарулы Күштерге жұмысқа орналасу процесін жеңілдету үшін түрлі ақпараттық жүйелермен 10-нан астам интеграция жүзеге асырылды. Қызметті осы күзде іске қосу жоспарда бар. Сервисті енгізу келісімшарт бойынша өскери қызметке қабылдау мерзімін 6 айдан 1 айға дейін қысқартуға мүмкіндік береді», – деп атап өтті Дархан Ахмедиев.

Спикер отандық технологияларды қолдау және дамыту мақсатында Defense Tech кеңсесі іске қосылғанын хабарлады. Осылайша, Қорғаныс министрлігі IT-компаниялармен ынтымақтастықты кеңейтуде.

«Осы бағытты дамыту үшін технологиялық кон-

курс, Defence Tech жобаларының скаутингі, күштік ведомстволарда қолданылуы мүмкін шешімдерді іздеуге арналған хақтондар сияқты іс-шаралар өткізілді. Іс-шараларға қазақстандық компаниялар, инноваторлар, өнертапқыштар, еліміздің техникалық жоғары оқу орындарының ғалымдары мен студенттері қатысты. Үздік жоба әзірлеушілеріне ақшалай сыйақылар мен мүдделі ұйымдармен жобаларды одан әрі іске асыру мүмкіндігі бірлігі», – деп толықтырды спикер.

Сонымен қатар түрлі форумға қатысу ұйымдастырылады, онда технологиялық компаниялармен ынтымақтастықта қорғаныс технологиялары саласындағы отандық әзірлемелер ұсынылады. Алдағы уақытта IT-компаниялармен бірлескен іс-шаралар мен ынтымақтастық нысандарын кеңейту жоспарлануда.



## «АСТАНА-ПАВЛОДАР» БАҒЫТЫ БОЙЫНША ПОЙЫЗЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫС КЕСТЕСІ ЖАҢАРТЫЛДЫ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ «Астана-Павлодар» бағытындағы №7502/7501 қала маңы электр пойызының қозғалыс кестесіне өзгеріс енгізілгенін хабарлайды. Бұл өзгеріс жолаушылардың жайлы қатынауын қамтамасыз етіп, пойыздан кейін түнгі сағат

00:00-ге дейін жүретін қалалық көлікке дер кезінде ауысуға мүмкіндік беру үшін енгізілді, деп хабарлайды «Жолаушылар тасымалы» АҚ баспасөз қызметі. Енді электр пойыз Астанадан сағат 16:20-да жүріп, Павлодарға сағат 22:59-да жетеді. Кері бағытта Павлодардан сағат 08:05-те жолға шығып, Астанаға сағат 15:15-те келеді.

Пойыз құрамында 6 вагон бар және ол күн сайын қатынайды. Жолаушыларға 1-, 2- және 3-санатты вагон қызметін таңдауға мүмкіндік беріледі. Вагондарда кондиционерлер, ауа тазарту жүйесі, био-дәретханалар, жайлы орындықтар және Vputi.kz медиапорталына қосылуға мүмкіндік беретін тегін Wi-Fi желісімен жабдықталған. Қала маңы пойыздарына билеттерді жолға шығатын күннен 10 тәулік бұрын сатып алуға болады. Билеттерді комиссиясыз <https://bilet.railways.kz> сайтынан немесе теміржол вокзалдарындағы «Жолаушылар тасымалы» АҚ билет кассаларынан алуға болады.

## ТУРИСТІК СЕРТИФИКАТ ҮШІН ТӨЛЕМ ТОЛЫҚ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Ағымдағы жылы Ақтөбе қаласының тұрғыны ата-анасына сыйлық ретінде тур агентіктен 600 000 теңгеге туристік сертификат сатып алған. Алайда анасының денсаулығына байланысты сапарға шығу мүмкін болмаған.

Тұтынушының айтуынша, турфирма арқылы ешқандай тур, ұшақ билеті немесе қонақүй брондалмаған, яғни туристік қызмет нақты көрсетілмеген. Соған қарамастан, агенттік өкілдері қаражатты қайтарудан бас тартқан. Тек кейін тұтынушыға төлеген соманың 10%-ын ұстап, қалғанын ғана қайтаруға дайын екендігін хабарлаған.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-1-бабына сәйкес, сатушы тұтынушымен жасалған шарттарға тұтынушының құқықтарын бұзатын және оларға қысым жасайтын талаптарды енгізбеуге тиіс.

Шарт жасасу кезінде тұтынушылардың құқықтарын бұзатын және оларға қысым жасайтын келесі талаптар жатады:

- сатушы шарттық міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда тұтынушының құқықтарын болғызбау немесе шектеу;

- сатушыға шартты бұзған жағдайда ұсынылмаған тауар, қызмет үшін төленген ақшалай соманы қайтармау құқығын беру.

Осылайша, сыйлық сертификаты – туристік қызмет үшін төленген алдын ала төлем болып табылады. Егер келісімшарт тоқтатылып, қызмет көрсетілмеген болса, сатушының сертификат үшін төленген ақшаны ұстауға құқығы жоқ. Мұндай әрекет негізсіз байыту болып саналады.

Жоғарыда аталған Заңға сәйкес, тұтынушыға құқықтық түсіндірме жұмысы жүргізіліп, наразылық парағын жазуға көмек көрсетілді.

Нәтижесінде тұтынушыға 600 000 теңге қаражаты толық көлемде қайтарылды.

Сондай-ақ, тұтынушы өтінішін онлайн режимде E-өтініш, @kzpp\_bot телеграм-бот немесе e-tutynushy.kz бірыңғай ақпараттық жүйе арқылы жібере алады.



## Открылось наследство

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр. Турдиева Бахадира Юлдашевича, умершего 13.07.2025 г. Наследникам обращаться к нотариусу Ишимову А.Х. г.Шымкент ул.Калдаякова 8-7 тел. 8 705-758-88-08.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр. Нарметова Ильхамжана Тойчиевича, умершего 03.07.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Ишимову А.Х. г.Шымкент ул.Калдаякова 8-7. тел.8 705-758-88-08.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр.Пестова Николая Филипповича, умершего 08.07.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Сулейменову А.О. г.Шымкент ул.Жолдасбекова 53/1 тел. 8 701-685-85-85.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр.Галашова Анатолий Александровича, умершего 26.12.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел.8 705-682-20-75.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр.Момбаева Досжана Сериккулы, умершего 10.07.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705-682-20-75.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр.Юшиной Антонины Никитичны, умершей 04.07.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Мадалиевой М.У. г.Шымкент ул.Орманова 15/1 тел. 8 777-919-25-77.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр. Шувалова Александр Николаевича, умершего 06.06.2001г. Наследникам обращаться к нотариусу Мадалиевой М.У. г.Шымкент ул.Орманова 15/1 тел. 8 777-919-25-77

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр. Шувалова Сергей Николаевича, умершего 17.01.2016г. Наследникам обращаться к нотариусу Мадалиевой М.У. г.Шымкент ул.Орманова 15/1 тел.8 777-919-25-77

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр.Отембаевой Анаржана Ахметжановны, умершей 17.07.2019г. Наследникам обращаться к нотариусу Жалгасовой Ж.Н. г.Шымкент ул.Дулати 27 тел. 8 701-747-62-87.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр.Ланг Александра Павловича, умершего 28.02.2005 г. Наследникам обращаться к нотариусу Бурабай А.К. Туркестан. обл. с. Рыскулова ул. Рыскулова 290 тел. 8 702-516-12-83.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр.Беркутовой Райсы Максимовны, умершей 12.04.2025г. Наследни-

кам обращаться к нотариусу Рашитовой В.В. г.Шымкент ул.Гагарина 54 тел. 8 701-340-92-97.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр.Алипова Самата Умирбековича, умершего 15.07.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Измахановой Г.К. Туркестан. обл. с.Темирлан ул.Рыскулова 5/1 тел. 8 771-600-32-00.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр.Безменовы Нины Федоровны, умершей 28.04.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Дуйсембековой Ф.А. г.Шымкент ул. Елшибек батыра 88 тел. 8 702-146-22-74.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр.Омаровой Шолпан Салимжановны, умершей 15.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Кожановой Д.Р. г.Шымкент Тамерлановское шоссе 22 тел. 8 771-307-55-22.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр.Акылбекова Оразбека Султанбековича, умершего 05.04.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Измахановой Г.К. Туркестан. обл. с.Темирлан ул.Рыскулова 5/1 тел. 8 771-600-32-00.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр.Зулпыхарова Адылбека Шадыбековича, умершего 10.06.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Алипбек Д.С. г.Шымкент пр.Республики 24-44.тел. 8 701-744-10-11.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр.Мустапаева Женисбека, умершего 21.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Абишевой Ч.А. г.Шымкент ул.Уалиханова 219/41.тел. 8 777-887-47-77.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр.Федоренко Веры Николаевны, умершей 07.07.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705-682-20-75.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр.Ахметова Сейдахана Серикбаевича, умершего 01.03.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705-682-20-75.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр.Тыщенко Владимира Петровича, умершего 18.02.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Досимбековой Т.В. г.Шымкент ул.Иляева 4-81 тел. 8 701-727-45-71.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр.Закалюкиной Галины Яковлевны, умершей 15.07.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Жандарбековой Н.Ж. г.Шымкент ул. Дулати 205/8 тел. 8 705-410-09-24.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр. Ашанбаева Равшанбека Аширкуловича, умершего 09.07.2025 г. Наследникам обращаться к нотариусу Садыккызы Г.г.Шымкент ул.ташенова 8 тел. 8 707-31003-73.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр.Мусабек Талшын Даулетбеккызы, умершей 20.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Танбергенову С.А. г.Шымкент мкр.Нурсат 39/1 тел. 8 777-686-66-13.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр. Айхожаева Рустам Пайзиллаевича, умершего 05.01.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Ескерову Т. г.Шымкент ул. Абая 11 тел. 8 701-505-88-98.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр.Лысенко Татьяны Николаевны, умершей 12.02.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Ишимову А.Х. г.Шымкент ул.Калдаякова 8-7 тел. 8 707-935-88-17.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр.Тюменцевой Надежды Тимофеевны, умершей 08.07.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Жандосовой Г.С. г.Шымкент ул.Байтурсынова 5,14. тел. 8 702-888-07-08.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр.Хаирова Гилем Габдульбаровича, умершего 19.07.2025 г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705-682-20-75.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр. Мамитова Есенбека, умершего 26.03.2021г. Наследникам обращаться к нотариусу Бурабай А.К. Туркестан. обл. с.Рыскулова ул.Рыскулова 290.тел. 8 702-516-12-83.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр.Шарасулова Эшмурата Балтабаевича, умершего 26.02.2025г.Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С.г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705-682-20-75.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр. Шарасулова Мурадждана Эшмуратовича, умершего 20.02.2025 г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С.г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8 705-682-20-75.

\*\*\*Открылось наследство после смерти гр. Адилбекова Жамбыла Ауелбековича, умершего 22.05.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Сулейменову А.О. г.Шымкент ул.Жолдасбекова 53/1 тел. 8 701-685-85-85.

## Жарамсыз деп танылсын

\*\*\* 1994ж.туылган Кенесов Еркын Даулетбаевич атына тіркелген қызметтік куәлігінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

\*\*\* 1976ж.туылган Тынгазиев Акилбек Ратулы. ИИН 761103301642, атына тіркелген кадастырлық номері 19.198.131.521.Түркістан обл.Төлеби ауданы Бургулук ауылы, 131-квартал,521 жер телімінің, сату-сатып алу келісім шарты және мемлекеттік актысының жоғалуына байланысты, жарамсыз деп танылсын.

\*\*\*Утерянный документ ИП”Баялы -транс” ИИН 771122301549 иностранный бланк разрешения для перевозки грузов, Литва № 0009806-считать недействительной.

## Ликвидация

\*\*\*”ТОО”STAR BAY GROUP” объявляет о своей ликвидации ИИН 171040020971 Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан г.Шымкент ул.Сайрамская дом 111.

\*\*\*ТОО “Объединение собственников имущества” мкр. Жана кала, Шымкент тас жолы дом 12/1 г.Туркестан “объявляет о своей ликвидации ИИН 240240034684, Все претензии принимаются в течение 2 месяцев со дня опубликования.Казахстан г.Туркестан мкр.Жана кала ул.Шымкент тас жолы 12/1 \*\*\*ОО”Локальный профессиональный союз спорт-

сменов, работников в сфере спорта и бюджетных организаций” объявляет о своей ликвидации ИИН 160540000396, Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан г.Шымкент ул.Матросова 51.

\*\*\*ТОО “Рабат-5” объявляет о своей ликвидации ИИН 040340012398, Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан г.Шымкент мкр.Акниет. Алматинская трасса 40/1.

\*\*\*ТОО”Сладкие Берега” объявляет о своей ликвидации ИИН 191140004263, Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан г.Шымкент ж/м Сайрам здания 442/2.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025ж.22 шілдедегі қаулысымен «Эрида» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне БСН 050440020255-ке оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Кредиторлар тізіміне енгізу туралы өтініштерді уақытша өкімші Абылова Л.Л. хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік ай ішінде Шымкент қаласы, Елшібек батыр көшесі №88 мекенжайы бойынша қабылдайды.тел. 8 701 720 54 32.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Определением СМЭС г.Шымкент от 22.июля 2025г. возбуждено гражданское дело о применении процедуры реабилитации к ТОО «Эрида» БИН 050440020255. Требования о включении в реестр кредиторов принимаются временным администратором Абыловой Л.Л. в течении календарного месяца со дня выхода объявления по адресу г.Шымкент ул.Елшибек батыра №88. тел.8 701 720 54 32.

«Айғақ» республикалық газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы Мемлекет және қоғам қайраткері Болат Жылқышиевқа ағасы

## Марат ЖЫЛҚЫШИЕВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып көңіл айтады.

«Айғақ» республикалық газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы Мемлекет және қоғам қайраткері Болат Жылқышиевқа ағасы, Қазақстан Республикасы Парламент мәжілісінің ІІІ шақырылымының депутаты, қоғам қайраткері

## Нұрлан ЖЫЛҚЫШИЕВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып көңіл айтады.

## АЙҒАҚ

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат коми-тетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

## Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ» Медиа ЖШС

Ұлжан КАСЫМЖАНҚЫЗЫ НАУШАБАЕВА - Бас редактор

Арайлым ӘБСАҒАТ - журналист

## РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:

160000, Шымкент қаласы, Ф. Ляев көшесі, 29.

E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz

Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші

Мұхтар СЕРІКБАЕВ - Тарату бөлімі

Ұлжалтас САҒЫНДЫҚОВА - Жарнама

Мақаланың жариялану аяқсыз телігені.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86, Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30, Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25 Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 775 777 34 62

## Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Астана, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.

Жазылу индексі

65836

16+

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «М-press» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 18.


Тел: 775 777 34 62  
Таралымы: 5100

Немірдің кезекші редакторы - Аружан МАТТАЙ

## «ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» ҰЛТТЫҚ ТАРИХИ - МӘДЕНИ МУЗЕЙ - ҚОРЫҒЫНДА АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТЕР БАҒАСЫ ӨЗГЕРДІ

Тарихи-мәдени мұраны сақтау мен танытуда музейлердің ролі орасан. Алайда қазіргі экономикалық жағдайда олардың тиімді жұмыс істеуі тек мемлекеттік қолдауға ғана емес, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ететін нақты тетіктерге де байланысты. Соған орай, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетіне қарасты 36 мекеменің, соның ішінде «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының ақылы қызметтер бағасын қайта қарады.

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК - еліміздің рухани астанасына келушілер үшін негізгі қызмет көрсетуші ұжым, Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын екені белгілі. Тарихи орындарға келушілер саны жыл санап артып, музей жұмысының ауқымы кеңейіп келе жатқанына қарамастан, соңғы жылдары қызмет құны өзгермеген.



ҚР азаматтары – ересектерге – 1000 теңге  
Студенттер мен зейнеткерлерге (қосымша құжаттары ұсынған кезде) – 500 теңге  
Мектеп жасындағы балаларға 300 – теңге  
Жақын шетел азаматтарына – 1500 теңге  
Алыс шет ел азаматтарына – 2000 теңге

2011 жылы қабылданған «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңының 140-бабына сәйкес, мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың жұмысы тек бюджет қаржысы есебінен емес, сонымен бірге өз кіріс көздері арқылы да қаржыландырылуы тиіс. Осыған орай, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің 2015 жылғы №354 бұйрығына сәйкес, «Әзірет Сұлтан» музей-қорығына ақылы қызметтерден түсетін табыс көлемі жылдық шығынның 30 пайызынан кем болмауы қажет.

Қазіргі таңда музей-қорықта ақылы негізде экскурсиялық қызмет, аудиогид қызметі,

фото-видео түсірілім, тарихи-мәдени сараптама жүргізу, ақылы дәріс, лекция, квест, тренинг, т.б. ғылыми-мәдени шаралар өткізу сынды түрлі қызметтер ұсынылады. Бұл қызметтерден түсетін қаржы музейдің материалдық-техникалық базасын жаңартуға, ғылыми-зерттеу мен мәдени-ағартушылық жобаларды жүзеге асыруға жұмсалады.

Алайда, осы қызметтердің бағасы бүгінге дейін көршілес елдермен салыстырғанда едәуір төмен болды. Мәселен, Өзбекстандағы Самарқан музейіне кіру құны шетелдіктер үшін шамамен 1640 теңге, ал Мәскеу қаласындағы Кремль музейінің билет құны – 7414 теңгеге дейін жетеді. Қырғызстан Республикасының мемлекеттік музейіне кіру – 1200 теңгеден асады. Яғни, Қазақстандағы музейге кіру құны ТМД елдеріне қарағанда бірнеше есе арзан.

Осы арада тағы бір маңызды фактор – инфляция деңгейі. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, 2015

жылдан 2025 жылға дейін елдегі тұтыну тауарлары мен қызметтер бағасы 2,6 есеге артқан. Музейді ұстауға кететін шығындар орта есеппен 4,6 есеге көбейген.

Осындай жағдайда, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2025 жылғы 4 шілдедегі №307-НҚ «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары өндіретін және сататын тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағаларды белгілеу туралы» бұйрығына сәйкес музей-қорыққа кіру билетінің бағасы Қазақстан азаматтары үшін – 300-1000 теңге аралығында, шетел азаматтары үшін – 1500-2000 теңге, ұжымдық келушілерге экскурсиялық қызмет көрсету – 1000-5000 теңге көлемінде белгіленген. Бағалардың өзгеруі – келушілерге салмақ салу емес, музейдің сапалы қызмет көрсетуі мен тарихи-мәдени мұраны сақтаудағы тиімділігін арттыруға бағытталған қадам. Туризмді дамыту, рухани құндылықтарды ұрпаққа жеткізу үшін музейлердің тұрақты дамуы аса маңызды. Бұл – бүгінгі күннің сұранысы.

**“Әзірет Сұлтан” Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының Қоғаммен байланыс жөніндегі бөлімі.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Тапсырыс беруші «Юсталькон» ЖШС «Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Қапал батыр көшесі 26А мекенжайы бойынша орналасқан «Юсталькон» ЖШС құрылыс металл конструкцияларын жасау» жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары біріңғай экологиялық порталында (<https://ndbecology.gov.kz>) қолжетімді болады. Барлық ескертулер және ұсыныстар 06.08.2025ж бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. bgm-86@mail.ru тел:87079476947.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Заказчик ТОО «Юсталькон» сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту: «Производство строительных стальных конструкций «ТОО «Юсталькон» расположенного по адресу: г.Шымкент, Енбекшинский район, ул. Капал батыра, 26А» Проектная документация доступна на едином экологическом портале (<https://ndbecology.gov.kz>). Все замечания и предложения принимаются с 06.08.2025г в течение 5 рабочих дней. bgm-86@mail.ru тел:87079476947.

\*\*\*

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Тапсырыс беруші «Оразов Н.К.» ЖК «Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Қабланбек ауыл округы, Қабланбек ауылы, Әділет көшесі 21А мекенжайы бойынша орналасқан «Береке» жанармай бекеті» жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары біріңғай экологиялық порталында (<https://ndbecology.gov.kz>) қолжетімді болады. Барлық ескертулер және ұсыныстар 06.08.2025ж бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. bgm-86@mail.ru тел:87079476947.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Заказчик ИП «Оразов Н.К.» сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту: «АЗС «Береке» расположенного по адресу: Туркестанская область, Сарыағашский район, Кабланбекский сельский округ, село Кабланбек, ул. Адилет, 21А» Проектная документация доступна на едином экологическом портале (<https://ndbecology.gov.kz>). Все замечания и предложения принимаются с 06.08.2025г в течение 5 рабочих дней. bgm-86@mail.ru тел:87079476947.

## АҚПАРАТ

### Заңның 47 б. 1 тп. талабына сәйкес

ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңының 47 бабының 1 тармағының тармақшаларының реттілігімен «Қазақ өуендерінің орындаушылары» республикалық қоғамдық бірлестігінің (өрі қарай-Бірлестік) 2024 жыл көлеміндегі атқарған қызметі туралы төмендегіні мәлімдейді:

Бірлестіктің жарғысына не құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізілмеген.

Бірлестікпен ұқсас құқықтарды басқаратын шетелдік ұйымдармен екіжақты және көпжақты келісімдер жасалмаған. Бірлестікпен шетелдік ұйымдармен екіжақты келісім жасалмаған.

Бірлестікпен жалпы жиналыс өткізілмеген және қандайда бір шешім қабылданбаған.

Бірлестікпен 2024 жылға бухгалтерлік балансы мен жылдық есебі жасалған және күзиретті органға жолданған.

Бірлестіктің есебіне пайдаланушылардан 63 579 441 теңге сыйақы, өтемақы есебіндегі қаржылар жиналды.

Пайдаланушылардың есептері және мәліметтері негізінде отандық және шет елдік құқықиеленушілерге 44 713 027 теңге бөлінген және есептелген.

Бірлестікке түскен қаржыдан бөлінбеген сыйақы жоқ.

Құқықиеленушілерге төленбеген және талап етілмеген сыйақы сомасы 3 645 150 теңгені құрайды.

Бірлестікте азаматтық заңнама талаптарына сәйкес Ақтобе, Алматы, Ақмола, Батыс Қазақстан, Атырау, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Жамбыл, Түркістан облыстары мен Астана, Алматы қалаларында филиалдар құрылған.

Заңның талаптарында екі жылда бір рет аудиторлық тексеру жүргізілетінін ескеріліп, Бірлестіктің 2024 жылғы қаржылық қызметіне тәуелсіз аудиторлық тексеру жүргізілмеген.

Бірлестіктің нақты шығыста-

рын жабуға арналған сома 8 866 414 теңгені құрайды және ол жалпы жиналған 63 579 411 теңгенің 29,67 пайызын құрайды.

Бірлестікпен төленбей, талап етілмеген сыйақы сомаларын алуға құқығы бар құқықиеленушілерді белгілеу бойынша шаралар азаматтық заңнамада көзделген талаптарға сәйкес жүргізілуде, оның ішінде мүлктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын басқа ұйымдардың интернет-ресурсындағы мәліметтер мен Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында құқықиеленушілерге қатысты жарияланған мәліметтер зерттелуде.

Сонымен қатар, келісім жасалған мүлктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын отандық және шет елдік ұйымдардың басқаруындағы құқық иелеріне тиесілі болған сыйақылар аударылып келеді.

Пайдаланушылар арасында орын алған дебиторлық қарыздар бойынша заңнамаға сай тиісті шаралар көріліп, сот актілері негізінде өндіріліп, ал дебиторлық берешектің құнсыздануы негізінде орын алған үмітсіз шығыстар жойылып келеді.

Бірлестікте интернет-ресурс жұмыс жасап, онда авторлық және сабақтас құқықтар объектілерінің атауы, құқықиеленушілердің аты мен басқаруға берілген құқықтар, пайдаланушылармен жасалған лицензиялық шарттар туралы ақпараттар, жергілікті жерлердегі өкілдер және бөлініп, талап етілмеген сыйақыны төлеу үшін құқықиеленушілерді іздеу жөніндегі мәліметтер тиісті дәрежеде қамтылған.

Сонымен қатар, өз жарғылық мақсаттарымызды әр-бір пайдаланушыға жеткізу мақсатындағы мәліметтер жарияланып, жекедара түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келеді.

## АҚПАРАТ

### Заңның 47 б. 1 тп. талабына сәйкес

ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңының 47 бабы 1 тармағының тармақшаларының реттілігімен «Авторлар өндерінің одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің (өрі қарай-Бірлестік) 2024 жыл көлеміндегі атқарған қызметі туралы төмендегіні мәлімдейміз.

1). Бірлестіктің жалпы жиналысы өткізілмеді.

2). Бірлестікпен шетелдік ұйымдармен екіжақты келісім жасалмаған.

3). Бірлестік мүшелерінің Жалпы жиналысы өткізілмеуіне байланысты шешімдер қабылданбаған.

4). Бірлестікпен 2024 жылға бухгалтерлік балансы мен жылдық есебі жасалған (тіркеледі).

Бірлестіктің сыйақыны жинау, бөлу және төлеу мақсатында атқарған жұмысы нәтижесіндегі 2024 жылғы есебі:

Бірлестіктің есебіне пайдаланушылардан 66 055 249 теңге сыйақы өтемақы есебіндегі қаржылар жиналды.

Пайдаланушылардың есептері және мәліметтері негізінде отандық және шет елдік құқықиеленушілерге 66 055 249 теңге бөлінді.

Құқықиеленушілерге 24 598 629 теңге қаржы төленді.

Бірлестікпен төленбей, талап етілмеген сыйақы сомаларын алуға құқығы бар құқықиеленушілерді белгілеу бойынша шаралар қолдануда, оның ішінде мүлктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдардан, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат осы мақсат үшін пайдаланылуда.

Бірлестіктің нақты шығыстарын жабуға арналған сома 19 650 344 теңгені құрайды, яғни жалпы жиналған сыйақының 29,75 пайызын құрайды.